

**«Экология және табиғат қорғау қызметі (түрлері бойынша)»
кәсіби стандарты**

Жалпы ережелер

1. «Экология және табиғат қорғау қызметі (түрлері бойынша)» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда оқытуға, білім беру мекемелері қызметкерлері мен түлектерін сертификаттауға, персоналды басқару саласындағы міндеттердің кең шеңберін шешуге, экология және табиғатты қорғау қызметі саласында сұранысқа ие кадрларды бағалау, аттестаттау, даярлау және қайта даярлау үшін негіз ретінде арналған.

Осы кәсіби стандарт негізінде, ұйымдар қызметкерлер үшін, кәсіптік білім беру деңгейін, өндіріс, басқару және ұйымдастыру ерекшеліктерін, олардың жауапкершілігін ескере отырып, еңбек функциялары, білім және дағдылар тізімін нақтылай отырып, ішкі қолдануға арналған корпоративтік кәсіби стандарттарды әзірлеуге болады.

2. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыретінің деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

4) кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің біртұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

5) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

6) кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі бар және оларды орындау үшін еңбек функцияларының және құзыреттерінің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

- 7) кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, білікті және тәжірибелік дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметіндегі кәсіптерінің негізгі түрі;
- 8) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;
- 9) ұлттық біліктілік шеңбері – кәсіби стандарттарды, салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу үшін деңгейлердің, біліктіліктердің, жалпыкәсіби құзыреттердің бірыңғай шкаласын анықтайды;
3. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:
- 1) БА – басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;
- 2) СБШ – салалық біліктілік шеңбері.

2. Кәсіби стандарттың паспорты

4. Кәсіби стандарт атауы: «Экология және табиғат қорғау қызметі (түрлері бойынша)».
5. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: еңбек функциялары, білімнің, дағдылар мен қызметкерлердің жеке құзыреттіліктерінің тиісті талаптарына жүйелі және құрылымдық сипаттама.
6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: экология саласына жататын негізгі кәсіптердің сипаттамасы, сондай-ақ жер қойнауын қорғау және пайдалану, қоршаған ортаның экологиялық күйін бақылайтын жұмыскерлердің еңбек функциялары және орындайтын жұмыстарының сипаттамалары келтірілген.
7. Кәсіби топ: Экология.
8. Кәсіби топ: Экология және табиғат қорғау қызметі (түрлері бойынша).

2. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптер тізбесі:

- Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың технигі –СБШ бойынша біліктіліктің 4-5 деңгейлері.
- Кәсіптер карточкалары осы кәсіби стандарттың 1-қосымшасында келтірілген.
- Кәсіби біліктілік картасы осы кәсіби стандарттың 2-қосымшасында келтірілген.

«Экология және табиғат қорғау қызметі (түрлері бойынша)»
кәсіби стандартына 1 - қосымша

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың технигі» КӘСПІ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	311«Физикалық және инженерлік қызмет бағыттары саласындағы техниктер»
Кәсіптің атауы:	«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың технигі»санатсыз
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4. Негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім болған кезде және практикалық тәжірибенің болуы. Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық немесе ортадан кейінгі білім) практикалық тәжірибенің болуы талап етілмейді.
БА бойынша біліктілік деңгейі	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес, жұмыс өтіліне талаптар ұсынусыз, тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.
Еңбек функциялары:	1. Қадағалау пункттері мен бекеттерінің техникалық жұмыстарын орындау. 2. Жұмыс бекеттерінде профилактикалық жұмыстарды жүргізу, техникалық құралдарды түгендеу, жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін, еңбек қорғау нормалары мен қауіпсіздіктің ережелерінің орындалуын, өндірістік тазалықты және өртке қарсы қорғанысты қамтамасыз етеді.
1-еңбек функциясы Қадағалау пункттері мен бекеттерінің техникалық жұмыстарын орындау	Білігі мен дағдылары: 1. Бекеттегі немесе бекітілген учаскедегі жұмыстарды атқарады. 2. Зерттеу және эксперимент жүргізу үшін жабдықтар мен материалдарды дайындайды. Білімі: 1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жұмысына қатысты әдістемелік материалдар. 2. Техниканы пайдалану ережелері, қауіпсіздік және еңбек қорғау ережелері, өрт қауіпсіздігі талаптары.
2-еңбек функциясы Жұмыс бекеттерінде профилактикалық жұмыстарды жүргізу, техникалық құралдарды түгендеу, жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін, еңбек қорғау нормалары мен қауіпсіздіктің ережелерінің орындалуын, өндірістік тазалықты және өртке қарсы қорғанысты қамтамасыз етеді	Білігі мен дағдылары: 1. Жабдыққа баптау, туралау, реттеу жүргізеді, қажет болғанда оның нысандардағы немесе бақылау бекеттеріндегі дұрыс күйін қадағалайды. 2. Жабдықты немесе бекетті жөндеу немесе ауыстыру қажеттігін тіркеу. 3. Ақау себептерін анықтау, оларды жою шараларын қабылдау. 4. Түгендеу нөмірлерін салыстыру. Білімі: 1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптар, еңбек қорғау мен қауіпсіздігі бойынша нормативтік-техникалық құжаттаманы. 2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптар.

	3. Табиғи кешендер мен нысандарды қорғау бойыншанормативтік-техникалық құжаттаманы. 4. Қауіпсіздік және еңбек қорғау ережесі, өрт қауіпсіздігі талаптары. 5. Мүлікті түгендеу жүргізу ережесі.
Кәсіптің коды	311 «Физикалық және инженерлік қызмет бағыттары саласындағы техниктер»
Кәсіптің атауы:	«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың технигі» II санаты
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4-1. Негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім болған кезде және практикалық тәжірибенің болуы. Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық немесе ортадан кейінгі білім) практикалық тәжірибенің болуы талап етілмейді.
БА бойынша біліктілік деңгейі:	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес, тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және санатсыз техник лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі.
Еңбек функциялары:	1. Бекітілген учаскедегі аспаптар мен жабдықтардың жай-күйін бақылау. 2. Жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін, еңбек қорғау нормалары мен қауіпсіздіктің ережелерінің орындалуын, өндірістік тазалықты және өртке қарсы қорғанысты қамтамасыз ету.
1-еңбек функциясы Бекітілген учаскедегі аспаптар мен жабдықтардың жай-күйін бақылау	Білігі мен дағдылары: 1. Бекітілген учаскедегі аспаптар мен жабдықтардың жай-күйін бақылау 2. Зерттеу және эксперимент жүргізу үшін жабдықтар мен материалдарды дайындайды Білімі: 1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жұмысына қатысты әдістемелік материалдар 2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптар. 3. Табиғи кешендер мен нысандарды қорғау бойыншанормативтік-техникалық құжаттаманы. 4. Қауіпсіздік және еңбек қорғау талаптары.
2-еңбек функциясы Жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін, еңбек қорғау нормалары мен қауіпсіздіктің ережелерінің орындалуын, өндірістік тазалықты	Білігі мен дағдылары: 1. Жабдыққа баптау, туралау, реттеу жүргізеді, қажет болғанда оның нысандардағы немесе бақылау бекеттеріндегі дұрыс күйін қадағалайды. 2. Жабдықты немесе бекетті жөндеу немесе ауыстыру қажеттігін тіркеу. 3. Ақау себептерін анықтау, оларды жою шараларын қабылдау.

және өртке қарсы қорғанысты қамтамасыз ету.	
	Білімі: 1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жұмысына қатысты әдістемелік материалдар 2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптар. 3. Табиғи кешендер мен нысандарды қорғау бойыншанормативтік-техникалық құжаттаманы. 4. Қауіпсіздік және еңбек қорғау талаптары.
Кәсіптің коды	311«Физикалық және инженерлік қызмет бағыттары саласындағы техниктер»
Кәсіптің атауы:	«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың технигі» I санаты
СБШ бойыншабіліктілікдеңгейі:	5. Техникалық және кәсіптік білімі (немесе ортан білмнен кейінгі білім), практикалық тәжірибе.
	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес, тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және II санаты техник-программист лауазымында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі.
Еңбек функциялары:	Техникалық және есептік құжаттамаға есеп жүргізу, өртке қарсы және өзге шараларды жүргізуге қатысу.
1-еңбек функциясы Техникалық және есептік құжаттамаға есеп жүргізу, өртке қарсы және өзге шараларды жүргізуге қатысу.	Білігі мен дағдылары: 1. Орындалатын жұмыс бойынша келіп түсетін құжаттаманы тіркейді, құжаттардың өтуін есепке алады және оларды толтыру мерзімдерін қадағалайды 2. Есеп құруға арналған деректерді дайындайды және заманауи техникалық құралдардың жұмысына пайдалану бойынша қажетті шараларды қабылдайды
	Білімі: 1.Құжаттаманы ресімдеу, жүргізу және сақтау тәртібі. 2. Есептік және техникалық құжаттаманы жүргізу
Жеке құзыретінеқойылатынталаптар	Өзін-өзіұйымдастыру жәнеөзбетіменбілімалу. Коммуникативтік, талдамалықжәнеұйымдастырушылыққабілеттер. Жауапкершілік, зейінділік
СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы	Физикалық және инженерлік қызмет бағыттары саласындағы мамандар (эколог, инженер және т. б.)

Кәсіби стандарттың техникалық деректері	
Өзірлеуші	«Никольское» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Ақмола облысы.
Нұсқа нөмірі мен шығарылған жылы	1-нұсқа, 2015 жыл.
Болжамды қайта қарау күні	2018 жыл

«Экология және табиғат қорғау қызметі (түрлері бойынша)»
кәсіби стандартына 2- қосымша

Кәсіби біліктілігін картасы,

техникалық және кәсіптік білім беру деңгейі (ТКБ)*:

деңгей/ кші деңгей №	Қызметкердің кәсібі	Ұлттық біліктілік шеңбері (салалық біліктілік шеңбері) бойынша біліктілік деңгейлері:
	-	8-і
	-	7-і
	-	6-і
5.1.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың технигі	5-і
4.1.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың технигі	4-і
3.1.		3-і
2.1.		2-і
1.1.		1-і

*2015 ж. қолданыстағы ҰБШ сәйкес ТКБ бойынша кәсіптер